ИСАТАЙ АУДАНДЫҚ МӘДЕНИЕТ, ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ ЖӘНЕ СПОРТ БӨЛІМІ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ ИСАТАЙСКИЙ РАЙОННЫЙ ОТДЕЛ КУЛЬТУРЫ, ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ И СПОРТА

БҰЙРЫҚ
2024 жылғы «31» қазан № 28
Аққыстау ауылы

ПРИКАЗ
«__» _____20____года №___
село Аккистау

Бір көзден мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсанындағы № 434-V «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 41-бабы 4-тармағына және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы № 648 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Бір көзден тікелей келісім-шарт жасау тәсілімен мемлекеттік сатып алуды «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсанындағы Заңының 39-бабы 3-тармағы 45) тармақшасына сәйкес, 2024 жылы Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік сатып алу заңнамасындағы соңғы өзгерістерді оқыту қызметін сатып алу бойынша өткізілсін.

2. Мемлекеттік сатып алуларды ұйымдастыру мен өткізу үшін жауапты Жұмабеков Маратқа – «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 4 бабының 1) тармақшасында көзделген сатып алу принциптерін сақтай отырып, жеткізушіні анықтау, жеткізушіге электрондық цифрлық қолтаңбамен расталған келісім-шарт жобасын веб-портал арқылы жіберу тапсырылсын.

3. Осы бұйрық қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Бөлім басшысы **Р. Есқали**